



\$100 БанкНота –Қазақстанға арналған ақпараттық бюллетень Қыркүйек, 2010 жыл – 2 шығарылым

\$100 банкнотының қыркүйектік шығарылымына қош келдіңіз. Бұл шығарылымды АҚШ үкіметі бүкіл әлемдегі компаниялар мен ұйымдарды, қайта жасалған \$100 банкнотының шығуына орай, дайындауға арналған электрондық жаршы. Келесі жылы \$100 банкноты қолданысқа шыққан кезде, ескі банкнотты жаңасына ауыстырудың керек емес екендігін есте сақтаңыз. Барлық АҚШ валютасы шығарылған мерзіміне қарамастан заңды болып қалады.

Жалған жасалған банкнотты анықтау жолы

Жалған АҚШ долларын қабылдаған кез-келген адам қаржы ұтылысына тап болатынын білесіз бе? Жалған валюта шын АҚШ банкноттарына ауыстырылмайды.

Қазіргі кезде қолданып жатқан \$100 банкноты, 1996 жылы жаңадан шығарылған кезде, көзге ең жақсы көрінетін өзгеріс Бенджамин Франклиннің үлкейтілген портреті болған. Ультракүлгін жарығының астында көрінетін қорғаныш жібі мен су тамғылы портрет сияқты қауіпсіздік мүмкіндіктер, осы АҚШ банкнотында алғаш қолданылған. Сонымен қатар, банкноттың оң жақ бұрышында орналасқан бояуы құбылмалы 100 саны ең алғаш рет осы АҚШ банкнотында пайда болған.



Жаңа жасалған \$100 банкнотында, екі дамытылған қауіпсіздік мүмкіндіктері, жоғары сапалы жасалған жалған банкноттарды тез арада анықтауға көмектеседі. Кассир адамдардың өзі, қауіпсіздік мүмкіндіктерін тексеруге бір секунд уақытын бөлмесе, тіпті сапасы нашар жалған банкноттарды да, шын ақша деп, өтікізіп жіберуі мүмкін. Бұл қауіпсіздік мүмкіндіктері арқылы, банкноттың шын екенін тез арада және қараңғы жерде де анықтауға болады.

- **Үш өлшемді қорғаныш жолағы** - \$100 банкнотының беткі жағындағы қоңыраулар суреті мен 100 сандары бар көкшіл жолақ. Егер сіз жолаққа назар аударып, банкнотты алға және артқа қарай қисайтсаңыз, қозғалған сайын қоңырау суреттерінің 100 сандарына өзгеретінін көресіз.
- **Сиясауыттағы қоңырау** – банкноттың беткі жағындағы мыс түсті сиясауыттағы бояуы құбылмалы қоңырау. Банкноттың әр бұрышынан қарайтын болса, қоңырау суреті, түсін мыстан жасылға өзгертеді, сондықтан, қоңырау сиясауыттан бірде пайда болып, бірде ғайып болатын әсер береді.

Ағылшын тіліндегі “Банкноттың нұпнұсқасын қалай анықтау керек” подкастында, қауіпсіздік мүмкіндіктерін қолдана отыра, жаңа жасалған 100 долларлы банкноттың шын екенін қалай анықтауға болатынын үйренуге болады.

Банкнотты шығару технологиясы

АҚШ валютасы қалай басып шығарылатынына қызығушылық таныттыңыз ба? АҚШ банкноттарындағы қауіпсіздік мүмкіндіктерін кім жасайтынына назар аудардыңыз ба? АҚШ қағаз валютасының өндірісі 65-тен асатын түрлі қадамнан тұратын өте күрделі іс.

АҚШ қазына басқармасының, Ою және Баспа Бюросы (BEP) – АҚШ қағаз ақша өндірісіне жауапты мемлекеттік мекемесі. Ою және Баспа Бюросы валютаны Вашингтон Колумбия округі, Форт Уорт, Техас штаттындағы жоғары жылдамдықты, сағатына 10 000 қағаз шығаратын ротациялық баспа машиналарымен басып шығарылады. Баспа, жоғары сапалы суретшілер, банкнот оюшылар, типографиялық басқыштардың біріккен қол жұмысын талап етеді. Портрет, виньетка орнату, орнаменттеу және әріптеу сияқты элементтер қолдан оюшылар арқылы жасалады.

Интаглио - деп аталатын бұл ойлы кескін ою үрдісі ерекше және 580 жылдық ескі баспа техникасы. \$100 банкнотының жаңа жасақтамасында АҚШ ақша өндіріс тарихында, тұңғыш рет жаңа инновация мен дамыған технологияны қолданады.



«Жаңа \$100 банкнотының қауіпсіздік мүмкіндіктеріне ондаған жыл ғылыми зерттеу жүргізілді. Мысалы, үш өлшемді қорғаныш жолағы, оның қозғалмалы қоңыраулар мен 100 сандар иллюзиясын тудыратын бір миллионға жуық микро линзалар пластмассалық пленкадан жасалған» - дейді Лэрри Феликс, Ою және Баспа Бюросының директоры.

Үш өлшемді қорғаныш жолағы қағаз үстіне басылмаған, ол біріктірілген және \$100 банкнотының жалпы қалыңдығына үлесін қоспайды. Бұл мүмкіндік үш өлшемді қорғаныш жолағы деп аталады, өйткені қоңыраулар мен 100 сандары жолақ үстінде оны үш мөлшерлі етіп, қалқитындай әсер береді.

«Жаңа \$100 банкнотындағы үш өлшемді қорғаныш жолағы, дүние жүзі қолданысындағы басқа валюталардағыдан басқаша», - дейді Майкл Ламберт, Федералды Резервтік Жүйесі Басқарма кеңесімен біріккен Резервтік Банк Операциялары және Төлем Жүйесі директорының орынбасары. «Бұның айрықша белгілері ішінде, халыққа айқын көрінеді және айыруға оңай келетін үш өлшемді қорғаныш жолағының 6 мм-лік жалпақтығыны, ол басқа валюталарда 4 немесе 4,5 мм.»

Жолақ қалыңдығы 23 микрон ғана. Оның жұқалығы соншалықты, тіпті ең тәжірибелі жалған ақша жасаушыға, жаңа \$100 банкнотының көшірмесін жасау өте қиын болып табылады. Дон Хали, Ою және Басып шығару Бюросының өкілі: «Егер банкноттың үш өлшемді қорғаныш жолағы тым қалың болып көрінсе, барлық басқа банкноттардың қауіпсіздік мүмкіндіктеріне жақынырақ назар аударып, оның нағыз екендігін анықтаңыз», - деп, кеңес берді.

Жаңа \$100 банкнотында қолданылған сия да оптикалық құбылмалы (ОҚС) болып табылады. Бұл құбылмалы сия, банкнот бетіне түсетін ақ түсті жарықтың түсу бұрышына қарай, түрлі ұзын толқындар шағылыстырады. ОҚС банкноттың бетінде екі жерде қолданылады: банкноттың беткі жағындағы төменгі оң жақ бұрышында орналасқан, сиясауыттағы қоңырау мен бояуы құбылмалы 100 саны. Банкнотты қисайтып қарасаңыз, жасыл қоңыраудың сиясауытта бірде пайда болып, бірде ғайып болатынын және 100 санының мыс түстен жасыл түске ауысатынын көре аласыз.

Дүние жүзіндегі ақша пайдаланушылар нағыз АҚШ валютасының өзіне тән текстурасы бар, тез танымды және бірегей деп сипаттайды. АҚШ валютасы 25% кенептен және 75% мақтадан тұратын қағаздан басып шығарылады. Өндіріс процесс кезінде кенеп және мақта талшықтарына өзі орнығатын ұсақ қызыл және көк талшықтар қосылады. Жалған ақша жасаушылар кейбір кезде банкноттардың бетіне ұсақ қызыл және көк сызықшалар басу арқылы имитация жасауға тырысады. Кәдімгі ұлғайтушы шыны немесе ұлғайтқыш лупа арқылы, бұндай имитация банкнотқа талшық ретінде орнықтағанын, ал қағаз бетіне басылғанын анықтау оңай.



Жаңа \$100 банкноты туралы қосымша ақпарат алу үшін www.newmoney.gov сайтына кіріңіз.

Білім алу және оқу материалдары

Жаңа \$100 банкнотының қауіпсіздік және дизайн мүмкіндіктері туралы қызметкерлеріңіз бен клиенттеріңізге білім беру үшін, www.newmoney.gov/order-form.htm сайтында 23 тілде оқу материалдарына тегін тапсырыс бере аласыз.

Бұл материалдарды қолдану үшін ұсыныстар керек пе? Мына жерде біраз идеялар бар:

- *Брошюра/плакат:* брошюра және плакат комбинациясы - қызметкерлер мен клиенттерге арналған көп функциялы бөліктерден жасалған оқыту материалы. Оны жайылған күйде, кафе немесе валюта айырбастау жерлерінде, қабырғаға ілуге болады. Бүктелген күйінде, брошюраны қызметкерлер керек жерде сақтай алады, мысалы, кассада немесе жиналыстарда таратып беруге болады. Бұндай оқыту материалы әр пакетте 50 данадан келеді.
- *Әр түрлі АҚШ банкноты туралы плакат:* бұл плакат қайта жасақталған \$100 банкнотының суретін және қайта жасақталған басқа АҚШ валюталары туралы ақпаратты қамтиды, мысалы \$50, \$20, \$10 және \$5 банкноттары. Бұл материал, ең алдымен оқыту үшін жасақталған және қызметкерлер мен клиенттердің демалыс бөлмесінде немесе бюллетень тақталарында ілуге арналған.
- *Таратуға арналған карточкалар* – жаңа 100 долларлы банкнот жайлы таратуға арналған карточкалар, банкноттың қауіпсіздік мүмкіндіктеріне жеңіл сілтеме нұсқаушысы ретінде жасалған. Бұл материалды, жаңа \$100 банкнотының ең басты енгізілген өзгерістеріне қызығушылық танытқан, қызметкерлер мен клиенттерге таратуға болады.
- *DVD оқыту курсы* – кассирлерге, заңды реттеу және қаржы институттарының өкілдеріне арналған. Бұл \$5, \$10, \$20, \$50 мен \$100 банкноттарының дизайн және қауіпсіздік мүмкіндіктері жайлы графикалық кеңесші.
- *CD-ROM оқыту курсы* – CD-ROM \$5, \$10, \$20, \$50 мен \$100 банкноттарының дизайн және қауіпсіздік мүмкіндіктерінен тұратын интерактивті кеңесшісі.



\$100 банкноты және басқа да білім беру және оқыту ресурстары туралы көбірек білгіңіз келсе, сізді www.newmoney.gov сайтың ашуға шақырамыз.

Сіз білесіз бе?

- АҚШ Құпия Қызметі Америка Құрама Штатының Қазына басқармасының бөлімшесі ретінде 1865 жылы құрылғанын білдіңіз бе? Негізінде бұл бөлімше АҚШ валютасын жалған ақша жасауға қарсы күрес үшін құрылған. Бұрын, азаматтық соғысынан кейінгі уақытта, қолданыстағы барлық валютаның үштен бір бөлігінен жартысына дейінгі ақша жалған деп бағаланды.
- 1901 жылға, Президент Уилльям Маккинлидің өлімінен кейін, Құпия Қызметі президенттік қорғаныш ретінде жұмыс істеген. Сонымен қатар, Құпия Қызметі АҚШ-да ішкі барлау және қарсы барлау агенттігі болды.
- Бүгін, Құпия Қызметінің екі ерекше жауапкершілігі бар: президентті, бұрынғы президенттер мен олардың отбасыларын қорғау. Сонымен қатар, АҚШ қаржы инфрақұрылымын бүтіндей сақтап қалу үшін қаржы жүйені жалғандықтан қорғау.
- 1862 жылы, АҚШ үкіметі шығарған қағаз валютасын басып шығару үшін «Ою және Баспа Бюросын (BEP)» құрылды. АҚШ қағаз валютасын басып шығармай тұрып, шамамен 1600 коммерциялық банктер өз валютасын қолдану салдарынан бар ақшаның шын екенін білу мүмкін емес болатын. Валютаны стандарттау және заңды реттеу агенттігі пайда болғаннан кейін, адамдар валюта растығына сенімді болатын болды.
- Бұрынғы АҚШ банкноттарын жаңасына ауыстырудың қажеті жоқ. Барлық АҚШ валютасы шығарылған мерзіміне қарамастан, заңды болып қалады.